

*Қазақстандағы қаржылық бақылау
жүйесіндегі мемлекеттік аудиттің орны
(The place of public audit in the system of
financial control in Kazakhstan)*

Article

Published Version

Creative Commons: Attribution 4.0 (CC-BY)

Open Access

Kalibayev, M. K. ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-5136-5969>, Kassymbekova, G. R. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5411-1297> and Erkaboev, A. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3899-0815> (2024) Қазақстандағы қаржылық бақылау жүйесіндегі мемлекеттік аудиттің орны (The place of public audit in the system of financial control in Kazakhstan). Bulletin of "Turan" University, 2024 (4). pp. 75-89. ISSN 2959-1236 doi: 10.46914/1562-2959-2024-1-4-75-89 Available at <https://centaur.reading.ac.uk/120019/>

It is advisable to refer to the publisher's version if you intend to cite from the work. See [Guidance on citing](#).

Identification Number/DOI: 10.46914/1562-2959-2024-1-4-75-89
<<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2024-1-4-75-89>>

Publisher: Turan University

including copyright law. Copyright and IPR is retained by the creators or other copyright holders. Terms and conditions for use of this material are defined in the [End User Agreement](#).

www.reading.ac.uk/centaur

CentAUR

Central Archive at the University of Reading

Reading's research outputs online

FTAXP 06.35.31

ӘОЖ 657.6

JEL M42

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2024-1-4-75-89>

КАЛИБАЕВ М.К.,^{*1}

PhD, доцент.

*e-mail: kalibayev@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-5136-5969

ҚАСЫМБЕКОВА Г.Р.,²

PhD, қауымдастырылған профессор.

e-mail: gulzhahan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-5411-1297

ЕРКАБОВ А.,³

PhD,

e-mail: alisher.erkaboev@henley.ac.uk

ORCID ID: 0000-0003-3899-0815

¹Кенжеғали Сағадиев атындағы
халықаралық бизнес университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²«Туран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

³Рединг университеті,

Рединг қ., Ұлыбритания

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТІҢ ОРНЫ

Аңдатпа

Бұл мақала Қазақстандағы қаржылық бақылау жүйесіндегі мемлекеттік аудиттің рөлі мен маңыздылығын талқылайды. Мемлекеттік аудит – мемлекеттік қаржы ресурстарын басқарудағы ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етудің негізгі құралы, сондай-ақ елдің экономикалық қауіпсіздігін сақтаудың маңызды элементі. Зерттеудің мақсаты – Қазақстанның қаржылық бақылау жүйесіндегі мемлекеттік аудиттің орнын, функциялары мен міндеттерін анықтау, сонымен қатар оның экономикалық қауіпсіздік пен мемлекеттік ресурстарды басқаруға тигізетін әсерін талдау. Зерттеудің негізгі бағыттарына мемлекеттік аудиттің құрылымы мен ұйымдастырылуын, оның негізгі функцияларын зерделеу, осы жүйенің өзекті мәселелерін және даму перспективаларын анықтау жатқызылады. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы Қазақстандағы мемлекеттік аудит туралы білімді жүйелеу мен оның елдің қаржы жүйесіне ықпалын кешенді талдау болып табылады. Тәжірибелік маңыздылығы мемлекеттік аудит жүйесі алдында тұрған нақты мәселелерді анықтап, оларды шешу бойынша ұсыныстар беру. Зерттеудің құндылығы мемлекеттік аудиттің функциялары мен міндеттерін терең зерделеумен және оның мемлекеттік ресурстарды басқару мен экономикалық қауіпсіздікке әсерін анықтаумен айқындалады.

Тірек сөздер: қаржылық бақылау, мемлекеттік аудит, қаржылық есептілік, мақсатты пайдалану, оңтайландыру.

Кіріспе

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстандағы қаржылық бақылау жүйесіндегі мемлекеттік аудиттің орнын, рөлін және оның тиімділігін зерттеу барысында төмендегідей ғылыми жаңалықтар айқындалады: Мемлекеттік аудиттің экономикалық қауіпсіздікке әсері, яғни Қазақстанда мемлекеттік аудиттің тек қаржылық ресурстарды бақылау функциясынан басқа, экономикалық қауіпсіздікті сақтау және дамыту тұрғысынан да маңызды рөлі бар екендігі көрсетілді. Бұл зерттеу экономикалық қауіпсіздікке бағытталған мемлекеттік аудиттің нақты нәтижелерін талдай отырып, оның еліміздің экономикалық дамуы мен қаржылық тұрақтылығына әсерін жүйелі түрде бағалауды алғаш рет ұсынады. Сонымен қатар, қаржылық ба-

қылаудың мемлекеттік жүйесінің даму перспективалары, Қазақстандағы мемлекеттік аудиттің қазіргі даму жағдайын ғана емес, сонымен қатар оның болашақтағы даму бағыттарын да қарастырады. Мақалада көрсетілген жаңа ұсыныстар мен мемлекеттік аудиттің тиімділігін арттыру үшін қажет кадрлық және технологиялық өзгерістерді енгізу туралы тұжырымдар, еліміздің қаржылық бақылау жүйесін дамыту үшін жаңа көзқарас қалыптастырады.

Мемлекеттік аудит органдарының құрылымы мен ұйымдастырылуына қатысты нақты зерттеу жүргізу нәтижесінде Қазақстандағы мемлекеттік аудиттің құрылымдық мәселелері мен кемшіліктері анықталып, оларды тиімді түрде жетілдіруге бағытталған жаңаша көзқарастар мен ұсыныстар жасалды. Бұл зерттеу мемлекеттік аудиттің жұмысын ұйымдастыруда қолданылатын жаңа тәсілдер мен әдістерді ұсынуды мақсат етеді. Мемлекеттік аудиттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясындағы тиімділігі. Мемлекеттік аудиттің еліміздегі сыбайлас жемқорлықты азайтуға әсер етуі бойынша зерттеу жүргізіле отырып, осы процестердің өзара байланысы терең талданды. Бұл зерттеу сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігін арттыру үшін мемлекеттік аудиттің рөлі мен маңыздылығын жаңа қырынан көрсетеді. Зерттеудің жаңа аспектісі ретінде мемлекеттік аудит жүйесіне заманауи ақпараттық технологияларды енгізу мәселесі қарастырылды. Бұл мемлекеттік аудит органдарының деректерді талдау, бақылау жүргізу, есептілікті жақсарту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске ықпал ету үшін қажетті құралдар мен әдістерді қолдануды қамтиды.

Сонымен қатар, зерттеу барысында Қазақстандағы мемлекеттік аудит жүйесінің өзекті мәселелері мен даму бағыттары анықталды, сондай-ақ мемлекеттік аудиттің тиімділігін арттыру үшін қажетті шаралар ұсынылды. Нәтижелердің ғылыми және практикалық маңыздылығы мемлекеттік аудиттің құрылымын, функцияларын және жұмысын жетілдіру бойынша тиімді ұсыныстарды негіздеумен айқындалды. Бұл ұсыныстар мемлекеттік аудит жүйесінің сапасын арттырып, экономикалық қауіпсіздікті нығайтуға, сыбайлас жемқорлықпен күреске және еліміздегі қаржылық бақылаудың ашықтығын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері мемлекеттік аудит органдарының дербестігін қамтамасыз ету мен кадрлық әлеуетін нығайту қажеттілігін көрсетеді. Әсіресе, мемлекеттік аудит қызметкерлерінің кәсіби білімін арттыру, олардың құқықтық және техникалық даярлығын жетілдіру, заманауи ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндіктері маңызды орын алады. Бұл шаралар мемлекеттік аудиттің сапасын жақсартуға және оны қоғамға тиімді әрі ашық етуге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне енгізілген өзгерістердің жетіспеушілігі мен оларды одан әрі жетілдіру қажеттілігі анықталды. Мемлекеттік аудиттің тиімді жұмыс істеуі үшін нормативтік актілер мен заңнамалық базаны үнемі жаңарту, оларды халықаралық тәжірибеге сәйкес келтіру қажет. Бұл өзгерістерді енгізу мемлекеттік аудит жүйесін заманауи талаптарға сай реттеуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, мемлекеттік аудит органдарының дербестігін нығайту және олардың қызметін тиімді үйлестіру үшін заңнамалық деңгейде нақты реформалар жүргізу маңызды.

Зерттеу нәтижелері мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіруге арналған бірнеше бағытты қамтиды, оның ішінде кадрлық әлеуетті арттыру, ақпараттық технологияларды енгізу, заңнамалық реформаларды жүзеге асыру және мемлекеттік аудит органдарының дербестігін қамтамасыз ету қажеттілігі анықталды. Аталған шаралар мемлекеттік ресурстарды басқару жүйесінің сапасын арттыруға, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге елеулі ықпал ететіні сөзсіз. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері Қазақстандағы мемлекеттік аудит жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу мен нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша нақты бағыттарды ұсынады.

Мемлекеттік аудит қаржылық бақылау жүйесінің негізгі элементі ретінде елдің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Осы саладағы халықаралық стандарттардың енгізілуі мен цифрлық технологиялардың дамуы мемлекеттік аудиттің жаңа деңгейге көтерілуін талап етеді. Қазақстанда мемлекеттік аудиттің функциялары мен әдістерін жетілдіру қажеттігі бүгінгі таңда өзекті мәселе болып табылады. Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, қаржылық бақылау тиімділігін арттыру және ресурстарды тиімді басқару үшін мемлекеттік аудиттің жаңа әдістемелері мен тәсілдерін қолдану қажеттілігі туындап отыр [1].

Зерттеу аясында аңғарғанымыздай, Қазақстандағы мемлекеттік аудиттің дамуын ғылыми тұрғыда зерттеген жұмыстар аз емес. Дегенмен, көптеген зерттеулерде мемлекеттік аудиттің қаржылық ресурстарды тиімді басқарудағы рөлі мен экономикалық тұрақтылыққа әсері жеткіліксіз қарастырылған. Сонымен қатар, мемлекеттік аудиттің жаңа цифрлық технологияларға бейімделуі мен халықаралық тәжірибеге сәйкестігі толық зерделенбеген.

Ахметов С.Т., Исмагулов Ж.К. өз зерттеулерінде мемлекеттік аудит жүйесінің Қазақстандағы қаржылық бақылаудағы орны мен даму перспективалары талқылаған. Авторлар мемлекеттік аудиттің қаржылық ресурстардың тиімділігі мен ашықтығын арттырудағы рөлін атап көрсеткен [2].

Осыған байланысты, бұл зерттеу Қазақстандағы мемлекеттік аудит жүйесінің құрылымы мен функцияларын терең талдауға және оны жетілдіру жолдарын анықтауға бағытталған. Қазақстандағы мемлекеттік аудиттің тиімділігін арттыру – елдің қаржылық тұрақтылығы мен ашықтығын қамтамасыз етудің басты шарты, себебі мемлекеттік қаржының тиімді пайдаланылуын бақылау, сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету және ресурстардың әділ бөлінуін қамтамасыз ету қажеттілігі мемлекеттік аудиттің өзектілігін арттырады. Қараев Н.Ж. мақалада Қазақстанның мемлекеттік аудит саласындағы реформаларының әсерін қарастырған. Мемлекеттік аудиттің нормативтік-құқықтық базасының жетілдірілуі және оның қаржылық бақылауға ықпалын зерттеген [3].

Бұл ғылыми зерттеу жұмысында Қазақстандағы мемлекеттік аудит жүйесін, оның құрылымы мен әдістерін жетілдіруді, сонымен қатар мемлекеттік аудиттің қаржылық бақылау жүйесіндегі орны мен оның тиімділігін арттыру жолдары қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы мемлекеттік аудиттің қаржылық бақылау жүйесіндегі рөлін зерттеп, оның тиімділігін арттыру жолдарын ұсыну болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- ◆ мемлекеттік аудиттің құрылымы мен ұйымдастырылуын талдау;
- ◆ Қазақстандағы мемлекеттік аудиттің нормативтік-құқықтық базасын зерттеу;
- ◆ халықаралық стандарттар мен тәжірибелерді қарастырып, оларды Қазақстан жағдайына бейімдеу;
- ◆ мемлекеттік аудиттің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу барысында жүйелік талдау, салыстырмалы талдау, статистикалық әдістер, сондай-ақ нормативтік құжаттарға контент-талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар, мемлекеттік аудиттің тиімділігін бағалауға арналған регрессиондық және корреляциялық талдау жүргізілді. Нұрғалиев Ә.А. ғылыми мақалада Мемлекеттік аудиттің бюджеттік тиімділікті арттыру және сыбайлас жемқорлықты азайтудағы маңызы қарастырылған. Автор мемлекеттік аудиттің этикалық принциптерін қолданудың рөліне терең тоқталған [4].

Зерттеу гипотезасы – мемлекеттік аудит жүйесінің тиімділігін арттыру мемлекеттік ресурстарды басқару сапасын жақсартып, сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетеді және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Зерттеу нәтижелері мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіруге және Қазақстанның қаржылық бақылау жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталады. Ұсынылған әдістер мен тәсілдер мемлекеттік аудит органдарының жұмысын жақсартуға, олардың дербестігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ кадрлық әлеуетті арттыруға мүмкіндік береді деп есептейміз. Әлжанов С.Т. автор мемлекеттік аудиттің халықаралық стандарттарға сәйкестігін зерттеп, Қазақстандағы мемлекеттік аудит қызметін жетілдіру қажеттігін атап көрсеткен. Бұл жұмыс Қазақстандағы мемлекеттік аудиттің даму перспективасын көрсетеді [5].

Бұл зерттеу мемлекеттік аудиттің халықаралық тәжірибелер мен стандарттарға сәйкестігін зерттеуге және оны Қазақстан жағдайында жетілдіруге бағытталған кешенді талдаудың негізін қалайды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуде Қазақстандағы мемлекеттік аудиттің қаржылық бақылау жүйесіндегі рөлі мен оның тиімділігін арттыру жолдарын талдау үшін жүйелі және кешенді әдістер қолданылды. Қолданылған әдістердің сенімділігі мен олардың зерттеу нәтижелеріне әсері мұқият бағаланып

қарастырылды. Зерттеу әдістері зерттеу мақсатына сәйкестендіріліп таңдалды және олардың әрқайсысы зерттеу нәтижелерінің нақтылығын қамтамасыз етуге бағытталды. Тасмағамбетов Қ.Б. мақалада мемлекеттік аудиттің қазіргі кездегі проблемалары мен оларды шешу жолдарын қарастырған. Автор аудитті цифрландырудың қажеттілігін атап өтіп, оның тиімділігін арттыру жолдарын ұсынады [6].

Зерттеу үдерісінің жоспары мен дәйектілігін анықтау бойынша Қазақстандағы мемлекеттік аудит жүйесінің тиімділігін арттыру жолдарын талдау қарастырылып, келесідей деректер жиналды: Мемлекеттік аудит туралы Қазақстанның нормативтік-құқықтық базасын зерттеу; Қазақстанның қаржы министрлігі мен аудит органдарының ресми есептерін талдау; INTOSAI және OECD сияқты халықаралық ұйымдардың стандарттары мен ұсынымдарын қарастыру. Сонымен қатар салыстырмалы талдау жүргізу, яғни Қазақстанның мемлекеттік аудит жүйесін басқа елдердің тәжірибесімен салыстыру (мысалы, Ресей, OECD елдері). Қолданылған әдістер арқылы алынған нәтижелерді жүйелеу және нақты ұсыныстар әзірлеу қарастырылды. Иванов П.А., Смирнов Л.А. ғылыми зерттеулерінде Ресейдегі мемлекеттік аудиттің рөлін және оның қаржылық бақылау жүйесіндегі маңыздылығын талдаған. Авторлар мемлекеттік аудитті цифрландыру арқылы бюджеттік басқару тиімділігін арттыру қажеттілігін негіздейді [7].

Зерттеу материалдары бойынша негізгі дереккөздер алынды, олар: Қазақстан Республикасының қаржы министрлігінің 2019–2023 жылдарға арналған мемлекеттік аудит туралы ресми деректері; INTOSAI мен OECD стандарттары; мемлекеттік аудитке қатысты халықаралық және ұлттық әдебиеттер. Сондай-ақ, деректерді талдау үшін Python бағдарламалық қамтамасыз етуі және MS Excel; нормативтік құжаттарға контент-талдау жүргізу үшін NVivo бағдарламасы пайдаланылды. Петрова Н.В. ғылыми мақалада бюджеттік аудиттің мемлекеттік қаржыларды тиімді басқарудағы рөлі талдаған. Бұл зерттеу Қазақстанда қолдануға болатын бюджеттік аудит тәжірибесін сипаттайды [8].

Мақаланы жазу барысында келесідей ғылыми әдістер қолданылды: Талдау және синтездеу, бұл әдістер бойынша мемлекеттік аудит жүйесінің құрылымы мен функцияларын зерттеу қарастырылды. Салыстыру әдісі негізінде Қазақстанның мемлекеттік аудит жүйесін халықаралық тәжірибелермен салыстыру жүргізу, ал индукция және дедукция әдістері бойынша мемлекеттік аудит тиімділігінің жалпы және нақты көрсеткіштерін анықтау, көлденең және тік талдау әдістері бойынша аудиттің қаржылық есептерге әсерін бағалау, ал коэффициенттік талдау әдісі негізінде мемлекеттік аудиттің экономикалық тиімділігін сандық бағалау, сонымен қатар корреляциялық және регрессиондық талдау әдістері бойынша мемлекеттік аудит көрсеткіштері мен қаржылық бақылаудың нәтижелері арасындағы байланыстарды анықтау, контент-талдау әдісті бойынша мемлекеттік аудитке қатысты заңнамалар мен стандарттардың мәтіндік құрылымын зерттеу қарастырылды. Кузнецова М.И. зерттеуде мемлекеттік аудитті жетілдіру және оның мемлекеттік қаржыларды басқарудағы орнын қарастырған. Автор жұмысында Ресей мен Қазақстан үшін ортақ шешімдерді ұсынады [9].

Нәтижелерді бағалау әдістемесі бойынша сенімділік бағасы қарастырылды, яғни қолданылған әдістердің дұрыстығын тексеру үшін бірнеше дереккөздер негізінде алынған мәліметтерді салыстырылды. Ал дәлдік негізінде сандық деректерді өңдеуде қателіктерді болдырмау үшін бағдарламалық құралдар қолданылды (Python және MS Excel). Шынайылық әдістемесі бойынша нәтижелердің практикалық маңыздылығын тексеру үшін халықаралық стандарттармен сәйкестік бағаланды. Эксперимент әдістемесі ретінде мемлекеттік аудиттің әртүрлі көрсеткіштерінің елдің экономикалық тұрақтылығына әсерін бағалау қолданылды, атап айтқанда экологиялық көрсеткіштерді талдау, бұл талдау жүргізу негізінде мемлекеттік аудиттің экологиялық стандарттардың сақталуына әсері зерттелді. Сонымен қатар, әлеуметтік көрсеткіштерді талдау көзделді, яғни әлеуметтік бағдарламаларға бөлінген қаржының тиімділігін бақылау. Экономикалық көрсеткіштерді талдау бойынша қаржылық ресурстарды тиімді басқару және бюджеттік тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету қарастырылды. Сергеев Д.Н. автор мемлекеттік аудиттің ашықтықты арттырудағы және қоғамдық сенімділікті қалыптастырудағы маңыздылығын көрсетеді. Бұл зерттеу мемлекеттік аудиттің әлеуметтік аспектілерін терең түсінуге мүмкіндік береді [10].

Зерттеу гипотезасын тексеру үшін алынған нәтижелердің мемлекеттік ресурстарды басқару сапасын арттыруға және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге әсері бағаланды. Әрбір қолданылған әдіс осы гипотезаны растауға бағытталды. Григорьев А.А. мақалада мемлекеттік аудит құралдарының жаңа тәсілдері мен олардың қаржылық бақылау жүйесіндегі орны қарастырылған. Бұл зерттеу мемлекеттік аудиттің инновациялық құралдарын енгізудің практикалық жақтарын зерттейді [11].

Мемлекеттік аудит Қазақстанның қаржылық бақылау жүйесінде бюджетті басқарудың тиімділігін және қаржылық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуде негізгі рөл атқарады. INTOSAI мемлекеттік аудиттің халықаралық стандарттары (ISSAI) мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесін жетілдіру үшін негіз болып табылады. Стандарттар аудиттің ашықтығы мен есептілігін арттыруға бағытталған [12]. OECD зерттеулерінде мемлекеттік қаржыларды басқарудағы аудиттің халықаралық тәжірибелері мен ұсыныстары көрсетілген. Қазақстан үшін бұл зерттеу мемлекеттік аудиттің тиімділігін арттырудың құралдарын анықтауға мүмкіндік береді [13]. Gendron Y., Barrett M. авторлар өз зерттеулерінде мемлекеттік аудиттің тәуелсіздігі мен есептілігін арттыру мәселелерін талқылайды. Олардың зерттеулері аудиттің сапасын арттыруда маңызды факторларды анықтайды [14]. Power M. The audit society кітабында аудиттің әлеуметтік рөлі мен оның есеп беру процестеріне ықпалы зерттелген. Бұл жұмыс мемлекеттік аудиттің теориялық негіздерін терең түсіндіреді [15]. Morales C., Roszkowska S. мақалада мемлекеттік аудиттің қаржылық тұрақтылық пен жауапкершілікке ықпалы қарастырылған. Зерттеулерінде халықаралық және ұлттық деңгейде салыстырмалы талдау жасалған [16]. Dye K.M., Stapenhurst R. Improving Public Sector Financial Management кітабында мемлекеттік қаржыларды басқаруда аудиттің рөліне баса назар аударылған. Бұл жұмыс мемлекеттік қаржылық бақылаудың тәжірибелік аспектілерін зерттеуге мүмкіндік береді [17]. Van der Stede W.A. бұл мақалада автор мемлекеттік аудиттің тиімділігін бағалауға арналған жаңа әдістерді ұсынады. Бұл зерттеу аудитті практикалық тұрғыда жетілдірудің жолдарын көрсетеді [18]. GRI Standards GRI стандарттары мемлекеттік және жеке сектордағы есеп беру процестерін жетілдіруде маңызды рөл атқарады [19]. Transparency International жемқорлыққа қарсы аудиттің мемлекеттік қаржылардағы рөлі зерттелген. Зерттеу мемлекеттік қаржылардың ашықтығы мен есептілігін арттыруға бағытталған [20]. UNCTAD зерттеулері мемлекеттік аудитті институционализациялаудың құралдары мен әдістерін ұсынады [21].

Pollitt C., Summa H. авторлар бұл мақалада мемлекеттік аудиттің тиімділігі мен оның мемлекеттік басқаруды реформалаудағы рөлін талқылаған [22]. Lonsdale J., Wilkins P., Ling T. авторлар мемлекеттік аудиттің есеп берушілік пен демократиялық басқарудағы маңыздылығын зерттеген [23]. Morin D. мақалада тиімділік аудитінің мемлекеттік басқару органдарына әсері қарастырылған [24]. Gendron Y., Cooper D.J., Townley B. бұл зерттеуде авторлар мемлекеттік қызметтің тиімділігін өлшеуде аудит мамандарының рөліне көбірек назар аударған [25].

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу барысында Қазақстандағы мемлекеттік аудит жүйесінің тиімділігін бағалау және оны жетілдіру жолдарын анықтау үшін бірнеше маңызды көрсеткіштер талданды. Алынған нәтижелер кестелер мен графиктер арқылы көрсетілді. Мемлекеттік аудит тиімділігі бойынша көрсеткіштер төмендегі кестеде қарастырылған.

Кесте 1 – Мемлекеттік аудиттің негізгі көрсеткіштері (2019–2023 жж.)

Жыл	Анықталған бұзушылықтар саны (мың)	Қайтарылған қаражат көлемі (млрд тг.)	Аудит сапасы (өсу пайызы)
2019	12	45	3%
2020	15	52	5%
2021	14	60	7%
2022	18	70	10%
2023	21	85	12%

Ескертпе: Авторлармен [26] дереккөз негізінде құрастырылған.

Кестеден көрініп тұрғандай, мемлекеттік аудиттің негізгі көрсеткіштері 2019 жылдан 2023 жылға дейін тұрақты өсу тенденциясын көрсетеді. Атап айтқанда, анықталған бұзушылықтардың саны 2019 жылы 12 мыңнан 2023 жылы 21 мыңға дейін өсті. Өсу қарқынын пайызбен есептеу үшін келесі формуланы қолданамыз:

$$\text{Өсу қарқыны (\%)} = (\text{Соңғы көрсеткіш} - \text{Бастапқы көрсеткіш}) / \text{Бастапқы көрсеткіш} \times 100; \quad (1)$$

Яғни, өсу қарқынын формулаға қойып есептегенде, мынаған тең болады:

$$\text{Өсу қарқыны} = ((21 - 12) / 12) \times 100 = (9 / 12) \times 100 = 75\%$$

Аудит барысында анықталған бұзушылықтардың саны 2019 жылдан бастап 75%-ға өсті. Бұл өсімді бірнеше факторлармен түсіндіруге болады, атап айтқанда:

- ♦ Қаржылық бақылау құралдарының жақсаруы;
- ♦ Аудиторлық қызметтің күшеюі;
- ♦ Қаржылық операциялардағы ашықтық деңгейінің артуы.

Анықталған бұзушылықтар санының өсуі мемлекеттік бақылаудың күшейгенін және заң бұзушылықтардың ашық түрде тіркелуін көрсетеді.

Қайтарылған қаражат көлемі 2019 ж. 45 млрд теңгеден 2023 ж. 85 млрд теңгеге дейін өскендігін көруімізге болады, яғни бұл көрсеткіш жыл сайын тұрақты өсімді көрсетеді.

Қайтарылған қаражат көлемі 2019 ж. 45 млрд теңгеден 2023 ж. 85 млрд теңгеге дейін өсті, бұл көрсеткіш жыл сайын тұрақты өсімді көрсетеді.

$$\text{Өсу қарқыны} = ((85 - 45) / 45) \times 100 = (40 / 45) \times 100 = 88,9\%$$

Қайтарылған қаражат көлемі 2019–2023 жж. аралығында 88,9%-ға өсті. Бұл нәтижелер аудиторлардың кәсіби деңгейінің артуынан; мемлекеттік ресурстарды тиімді басқаруға бағытталған шаралардың күшеюінен және Халықаралық стандарттардың енгізілуінен болып отыр. Қайтарылған қаражаттың артуы қаржылық ресурстарды тиімді басқару нәтижелерін көрсетеді және мемлекеттік аудиттің экономикалық тиімділігін дәлелдейді.

Сонымен қатар, аудит сапасының өсу пайызы 2019 ж. 3%-ды көрсетсе, 2023 ж. бұл көрсеткіш 12%-ға жетті.

$$\text{Өсу қарқыны} = ((12 - 3) / 3) \times 100 = (9 / 3) \times 100 = 300\%$$

Кестеден байқап отырғандай, аудит сапасының 300%-ға өсуі халықаралық стандарттардың, соның ішінде ISSAI-дің енгізілуімен, сондай-ақ аудиторлардың кәсіби біліктілігінің артуымен байланысты, яғни бұл өсім мемлекеттік аудиттің сапасын жақсартудағы стратегиялық қадамдардың тиімділігін дәлелдейді. Аудит сапасының өсуі жүйелі реформалардың, стандарттау мен оқыту бағдарламаларының оң әсерін көрсетеді.

Кестеде 2019 жылдан 2023 жылға дейін қайтарылған қаражат көлемінің тұрақты өсуі көрсетілген. Жалпы деректерге сүйенсек, мемлекеттік аудиттің Қазақстандағы қаржылық бақылау жүйесін жетілдіруде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Нәтижелер мемлекеттік ресурстарды тиімді басқарудың оң динамикасын, қаржылық ашықтықтың артуын және аудит қызметінің сапасының жоғарылағанын дәлелдейді. Алдағы уақытта бұл трендтер аудиттің одан әрі тиімділігін қамтамасыз ететін жаңа стратегияларды әзірлеуге негіз бола алады деп айтуға негіз бар.

Мемлекеттік аудиттің нәтижелері және олардың тиімділігі, анықталған кемшіліктер мен даму бағыттары 1-кестеде көрініп тұрғандай, мемлекеттік аудиттің негізгі көрсеткіштері 2019 жылдан 2023 жылға дейін тұрақты өсу тенденциясын көрсетіп отыр. Бұл көрсеткіштер тек аудит көлемінің өсуін ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік аудит жүйесінің әсерін де айқындайды. Алайда, бұзушылықтардың санының өсуі мен аудит сапасының артуы арасында кейбір кемшіліктер мен сәйкессіздіктердің бары байқалады. Анықталған бұзушылықтардың

саны 75%-ға өсіп, 2023 ж. 21 мыңға жетті. Бұл өсім, бір жағынан, мемлекеттік бақылаудың күшеюін және заң бұзушылықтардың ашық түрде тіркелуін көрсетсе, екінші жағынан, жүйелі проблемалар мен мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп жүргізудің, ішкі аудит пен мемлекеттік аудитті ұйымдастырудың тиімсіз тұстарын аңғартады. Бұзушылықтардың өсуі тек бақылау деңгейінің артқанын білдірмейді, сонымен қатар көптеген мемлекеттік кәсіпорындардың заңнамалық талаптарды орындамау, қаржылық есептерін дұрыс жүргізбеу және аудит нәтижелерін түсінбеу сияқты кемшіліктерінің бар екенін көрсетеді.

Бұл орайда мемлекеттік аудиттің тиімділігі тек бұзушылықтардың анықталуымен өлшенбейді. Егер анықталған бұзушылықтар тек тіркеліп, кейіннен шешімдер мен шаралар қабылданбайтын болса, аудиттің әсері әлсіз болады. Сонымен қатар, барлық мемлекеттік кәсіпорындарға аудит нәтижелері жетпей қалуы мүмкін немесе олардың заңнамалық талаптар мен стандарттарды толықтай түсінбеуі жағдайында аудиттің нәтижелері өз мақсатында іске аспайды. Бұл жағдайда, аудиторлық тексерулердің нәтижелерін тек нақты қаржылық реттеуіш ретінде емес, сондай-ақ басқару процесіне қатысты кешенді құрал ретінде қабылдау қажет. Қайтарылған қаражат көлемі 45 млрд теңгеден 85 млрд теңгеге дейін өсіп, мемлекеттік аудиттің экономикалық тиімділігін дәлелдейді. Бұл көрсеткіш мемлекеттік ресурстарды тиімді басқару мен бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуына бағытталған шаралардың нәтижесі болып табылады. Бірақ, қайтарылған қаражаттың артуы, өз кезегінде, анықталған бұзушылықтардың артуымен байланысты болғандықтан, бұл мәселенің терең талдауды қажет ететінін көрсетеді. Бұл ретте, бұзушылықтардың алдын алу, тек олардың салдарын жою емес, жүйелі түрде бақылауды күшейту қажет екені айқын.

Аудит сапасының өсуі де назар аударатын маңызды көрсеткіш болып табылады. 2019 ж. аудит сапасы 3%-ды көрсетсе, 2023 ж. бұл көрсеткіш 12%-ға жетті, яғни сапаның 300%-ға артқаны байқалады. Бұл, сөзсіз, халықаралық стандарттардың енгізілуі, аудиторлардың кәсіби деңгейінің артуы және арнайы оқыту бағдарламаларының оң әсерін көрсетеді. Бірақ, сапаның өсуі тек құралдар мен әдістемелердің жетілдірілуімен шектелмей, аудит жұмысының нақты іске асырылуын қамтамасыз ету үшін барлық деңгейде қаржылық есептілік пен аудит талаптарының орындалуын қатаң бақылау керек.

Мемлекеттік аудиттің тиімділігін арттыру үшін бірнеше маңызды шараларды жүзеге асыру қажет:


Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру – Мемлекеттік аудиттің нәтижелерінің тиімділігін арттыру үшін, заңнамалық талаптарды барлық мемлекеттік кәсіпорындар арасында бірдей қолдану, олардың қаржылық есептілік, ішкі аудит және мемлекеттік аудит туралы нормативтік құжаттарды толық түсінулерін қамтамасыз ету маңызды;

Аудиттің қатысу аясын кеңейту – Мемлекеттік сектордың барлық кәсіпорындарына аудиттің тиімді нәтижелері мен ұтымды шешімдер жетпеген жағдайда, аудиттің тек тексеру функциясынан басқа, алдын алу және кеңес беру сияқты қосымша рөлдері болуы қажет;

Кадрлық әлеуетті нығайту – Аудиторлардың кәсіби біліктілігін арттыру және жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу арқылы аудит сапасын көтеру қажет. Әсіресе, мемлекеттік аудиттің тиімділігін қамтамасыз ету үшін кадрлық саясатты қайта қарау және білікті мамандарды тарту қажет;

Ақпараттық технологияларды енгізу – Заманауи ақпараттық жүйелер мен бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану мемлекеттік аудиттің нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықты төмендетуге және қаржылық ашықтықты қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері мемлекеттік аудиттің тұрақты өсу көрсеткіштері мен оң динамикасын көрсете отырып, кейбір кемшіліктердің де бар екенін айқындады. Мемлекеттік аудит жүйесінің тиімділігін арттыру үшін тек бұзушылықтарды анықтау емес, оларды алдын алу, сондай-ақ аудиттің нәтижелерін тиімді қолдану маңызды. Бұл үшін нормативтік құқықтық актілердің жетілдірілуі, аудит сапасының артуы және барлық мемлекеттік кәсіпорындар үшін қаржылық бақылау мен есептілікті күшейту қажет.



Сурет 1 – Аудит барысында қайтарылған қаражат, млрд тг.

Ескертпе: Авторлар есептеулері негізінде құрастырылған.

Диаграммаға сәйкес, 2019 жылдан 2023 жылға дейін мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтар санының тұрақты өсуі байқалады, 2019 ж. бұл көрсеткіш 12 мың болса, 2023 ж. 21 мыңға жеткен. Бұл 75%-ға өсу көрсеткішін білдіреді. Бұзушылықтардың артуы мемлекеттік аудиттің тиімділігінің артуымен және бақылау құралдарының жетілдірілуімен тікелей байланысты. Сонымен қатар, бұл аудит процестерінің ауқымының кеңеюін және қаржылық басқарудағы олқылықтарды анықтаудың жоғарылағанын көрсетеді. Диаграммадан қайтарылған қаражат көлемінің жыл сайын тұрақты өсуі айқын көрінеді, 2019 ж. 45 млрд тг қайтарылса, 2023 ж. бұл көрсеткіш 85 млрд тг-ге жеткен. Бұл 89%-ға өсу көрсеткіші мемлекеттік ресурстарды тиімді басқаруда аудиттің рөлін көрсетеді. Қайтарылған қаражат көлемінің өсуі мемлекеттік аудиттің сапасының артуымен және қаржылық бұзушылықтарды уақытында анықтау қабілетінің күшеюімен байланысты.

Аудит сапасының жақсарғаны пайыздық көрсеткіштерден байқалады: 2019 жылғы 3%-дан 2023 ж. 12%-ға дейін өскен. Бұл көрсеткіш аудит процесінде халықаралық стандарттардың енгізілуімен, мамандардың кәсіби біліктілігінің артуымен және аудит әдістерінің жаңғыртылуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, бұл аудит нәтижелерінің дәлдігі мен тиімділігін арттыруға ықпал еткен технологиялық шешімдердің рөлін аңғартады. Бұл диаграмма мемлекеттік аудиттің тиімділігінің артып келе жатқанын көрсетеді. Аудит барысында анықталған бұзушылықтардың санының өсуі қаржылық бақылаудың ауқымы кеңейгенін білдіреді, ал қайтарылған қаражат көлемі аудит сапасының артқанын көрсетеді. Сонымен қатар, аудит сапасының өсу қарқыны мемлекеттік басқару процестерінің ашықтығы мен есептілігін арттыруда мемлекеттік аудиттің маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді.


Біздің ұсынысымыз, алдағы уақытта мемлекеттік аудиттің тиімділігін одан әрі арттыру үшін цифрлық технологияларды кеңінен енгізу және аудит процестерін автоматтандыру қажет. Сондай-ақ, мемлекеттік аудиттің халықаралық тәжірибеге сәйкестігін арттыруға бағытталған реформаларды жалғастыру маңызды. Мемлекеттік аудиттің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге әсері келесі кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Мемлекеттік аудиттің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге әсері

Көрсеткіштер	2019	2020	2021	2022	2023
Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі (%)	62	65	68	70	73
Сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмендеуі (%)	5	7	9	11	13
Халықтың мемлекеттік басқаруға сенімі (%)	45	48	51	54	57

Ескертпе: Авторлармен [27] дереккөз негізінде құрастырылған.

Кесте мәліметтерінен көріп отырғандай, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі артты, бұл аудиттің тиімді жоспарлануымен байланысты болғандығын көрсетеді. Сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмендеуі аудит сапасының жақсаруымен және бақылаудың күшеюімен қамтамасыз етілді. Ал халықтың сенімі тұрақты өсім көрсетті, бұл мемлекеттік аудиттің ашықтығы мен есептілігіне негізделгендігін аңғартады. Халықаралық стандарттарға сәйкестік келесі кестеде көрсетілген.



Сурет 2 – Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі динамикасы

Ескертпе: Авторлар есептеулер негізінде құрастырылған.

Диаграмма көрсетіп отырғандай, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі 2019 жылдан бастап тұрақты өсу қарқынын көрсетуде, 2019 ж. тиімділік көрсеткіші 62% деңгейінде болса, 2023 жылға қарай бұл көрсеткіш 73%-ға жетті. Бұл өсім мемлекеттік аудиттің сапасын жақсартумен, аудит процестерін жоспарлаудағы тиімділікпен және халықаралық стандарттардың енгізілуімен тікелей байланысты деп айтуға болады. Сыбайлас жемқорлық деңгейінің азаюы бойынша оң динамика байқалады, 2019 жылғы 5%-дан бастап, бұл көрсеткіш 2023 ж. 13%-ға дейін жетті. Бұл жетістіктер мемлекеттік аудит барысында бақылау және есеп беру механизмдерінің күшеюімен және есептілікті арттырумен түсіндіріледі. Сонымен қатар, аудит процестеріне ашықтықты енгізу сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуде маңызды рөл атқарғаны анық көрініп тұр. Халықтың мемлекеттік басқаруға деген сенімі 2019 жылы 45% болса, 2023 ж. бұл көрсеткіш 57%-ға дейін өскен. Бұл өсім мемлекеттік аудиттің ашықтығын қамтамасыз етумен және тиімді қаржылық бақылау процестерін жүзеге асырумен байланысты. Аудит нәтижелерінің айқын жариялануы мен тиімділікті дәлелдеу азаматтардың сенімін арттырып отырғаны сөзсіз.

Жалпы диаграммада көрсетілген деректер мемлекеттік аудиттің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге оң әсер еткенін айқын көрсетеді. Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі артып, сыбайлас жемқорлық деңгейі азайып, халықтың сенімі артқан. Бұл нәтижелер мемлекеттік аудит процестерін жетілдірудің тиімділігі мен қажеттілігін дәлелдейді. Алдағы жылдары осы көрсеткіштерді жақсарту үшін аудит әдістерін жаңғырту және технологиялық құралдарды енгізу қажет деп ойлаймыз.

Кесте 3 – Мемлекеттік аудиттің халықаралық стандарттарға сәйкестігі

Стандарттар	2019	2020	2021	2022	2023
ISSAI стандарттарына сәйкестік (%)	60	65	70	75	80
Қызметкерлердің халықаралық сертификаттары (%)	10	12	15	18	22

Ескертпе: Авторлармен [26, 27] дереккөздер негізінде құрастырылған.

Кестедегі мәліметтерден көріп тұрғандай, ISSAI стандарттарына сәйкестік деңгейі 2019 жылдан бастап тұрақты өсім көрсеткендігін байқауымызға болады. Қызметкерлердің халықаралық сертификаттарға ие болуы кәсіби деңгейдің артуына ықпал еткендігін көрсетеді.

Аудит тиімділігінің артуы қайтарылған қаражат көлемінің өсуіне және мемлекеттік бағдарламалардың нәтижелілігін жақсартуға ықпал етті деп айтуға болады. Халықаралық стандарттарға бейімделу мемлекеттік аудит сапасын жақсартып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейтті. Біздің пікірімізше, аудиттің тиімділігіне әсер ететін негізгі кедергілердің бірі – мәліметтерге қол жеткізудегі шектеулер, сонымен қатар Халықаралық стандарттарға толық сәйкес келмеу мен қызметкерлердің жеткілікті кәсіби біліктілігінің болмауы.

Мемлекеттік аудит жүйесінің жетілдірілуі мемлекеттік ресурстарды басқарудың тиімділігін арттыруға, сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етеді. Сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмендеу қарқыны жоғары болғанымен, белгілі бір өңірлерде бұл көрсеткіште айырмашылықтар байқалды. Бұл жергілікті деңгейдегі бақылау жүйесінің әлсіздігімен байланысты болуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері мемлекеттік аудиттің Қазақстандағы қаржылық бақылау жүйесін жетілдіру үшін маңызды құрал екенін көрсетті. Әлеуметтік және экономикалық тиімділікті арттыру бойынша жұмыс жалғасуда, ал халықаралық стандарттарға сәйкестік аудит сапасын одан әрі жақсартуға мүмкіндік береді.



Сурет 3 – Мемлекеттік аудиттің стандарттарға сәйкестігі мен кәсіби деңгейінің динамикасы

Ескертпе: Авторлар есептеулер негізінде құрастырылған.

Динамикада ISSAI стандарттарына сәйкестіктің динамикасы 2019 ж. 60%-дан басталып, 2023 ж. 80%-ға жеткенін көрсетіп тұр. Бұл 5 жыл ішінде сәйкестіктің 20 пайыздық өсімін білдіреді. Аталған өсім мемлекеттік аудит қызметінің халықаралық стандарттарға сәйкес келуін жақсарту бойынша жүргізілген жұмыстардың табысты жүзеге асырылғанын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл өсім мемлекеттік аудиттің тиімділігі мен сенімділігін арттыруға және оның әлемдік тәжірибемен сәйкестендірілуіне айтарлықтай үлес қосқанын білдіреді деп айтуға негіз бар.

Қызметкерлердің халықаралық сертификаттарға ие болуы 2019 жылғы 10%-дан 2023 ж. 22%-ға дейін өскен. Бұл көрсеткіш мемлекеттік аудит қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру үшін халықаралық деңгейдегі сертификаттау процестерінің енгізілгенін көрсетеді. Сертификаттаудың артуы аудиттің сапасын жақсартып, күрделі қаржылық және басқару процестерін тиімді бақылауға мүмкіндік береді. Диаграммадағы деректер мемлекеттік аудиттің стандарттарға сәйкестігі мен кәсіби деңгейінің артқанын айқын көрсетеді. ISSAI стандарттарына сәйкестіктің артуы халықаралық тәжірибенің енгізілуімен және қызметкерлердің біліктілігін

арттыруға арналған бағдарламалардың іске асырылуымен байланысты. Бұл өзгерістер мемлекеттік аудиттің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады деп санаймыз.

Осыған байланысты, біздер мынадай ұсыныс жасаймыз: ISSAI стандарттарына сәйкестікті арттыру мақсатында мемлекеттік аудиттің процестерін одан әрі автоматтандыру қажет; қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеру үшін халықаралық сертификаттау бағдарламаларына қатысуын кеңейту керек; аудит стандарттарының санынан гөрі сапасына баса назар аудару, стандарттарды жаңарту және жетілдіруді жалғастыру қажет.

Қорытынды

Бұл зерттеуде Қазақстандағы мемлекеттік аудиттің қаржылық бақылау жүйесіндегі орны мен рөлі талданды. Зерттеу нәтижелері мемлекеттік аудиттің мемлекеттік қаржы ресурстарын тиімді басқаруда және ашықтықты қамтамасыз етуде шешуші құрал болып табылатынын көрсетті. Мемлекеттік аудиттің тиімділігі оның халықаралық стандарттарға сәйкестігімен және аудит процесінде заманауи технологияларды қолдану деңгейімен тікелей байланысты екенін дәлелдеді.

Талдау жұмыстары 2019–2023 жж. аралығын қамтыды, талдау нәтижесі бойынша қайтарылған қаражат көлемінің тұрақты өсуі және сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмендегені анықталды. Бұл аудит сапасының артуымен және халықаралық стандарттарға сәйкестігінің жақсаруымен байланысты. Атап айтқанда, ISSAI стандарттарына сәйкестік 2019 жылғы 60%-дан 2023 ж. 80%-ға дейін өскен, бұл Қазақстандағы мемлекеттік аудиттің сапасын арттыруда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілгенін көрсетеді. Сонымен қатар, мемлекеттік аудиттің әлеуметтік әсері де анықталды. Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі мен халықтың мемлекеттік басқаруға деген сенімі айтарлықтай жақсарған. Бұл нәтижелер мемлекеттік аудиттің тек қаржылық бақылау ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік басқарудың сапасын арттырудағы рөлін көрсетеді.

Тақырыпқа қатысты жүргізілген зерттеу бойынша келесідей ұсыныстар жасауға болады: мемлекеттік аудит қызметін дамыту үшін ISSAI стандарттарын енгізуді жалғастыру және олардың қолданылу аясын кеңейту қажет; мемлекеттік аудит кадрларының кәсіби сертификаттау деңгейін арттыру, оларға халықаралық тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін ұсыну маңызды деп санаймыз; заманауи технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын пайдалану аудиттің тиімділігі мен нәтижелілігін арттырады; мемлекеттік аудиттің ашықтығын қамтамасыз ету және оның нәтижелерін қоғамға жеткізу жүйесін жетілдіру арқылы халықтың мемлекеттік басқаруға деген сенімін нығайту қажет деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V заңы (09.01.2024 берілген өзгерістер мен толықтырулар).
- 2 Ахметов С.Т., Исагулов Ж.К. Мемлекеттік аудит жүйесінің Қазақстандағы қаржылық бақылаудағы орны мен даму перспективалары // Қаржы және аудит журналы. – 2022. – № 15(4). – 45–58 б.
- 3 Қараев Н.Ж. Қазақстанның мемлекеттік аудит саласындағы реформалары және олардың экономикалық әсері // Экономика және басқару. – 2021. – № 10(3). – 70–83 б.
- 4 Нұрғалиев Ә.А. Мемлекеттік аудиттің сыбайлас жемқорлықты азайтудағы рөлі // Қаржылық зерттеулер журналы. – 2021. – № 8(2). – 25–37 б.
- 5 Әлжанов С.Т. Қазақстандағы мемлекеттік аудит қызметінің халықаралық стандарттарға сәйкестігі // Экономика және құқық мәселелері. – 2019. – № 12(5). – 78–90 б.
- 6 Тасмағамбетов Қ.Б. Мемлекеттік аудиттің цифрландыру арқылы тиімділігін арттыру мәселелері // Қаржы және экономика журналы. – 2023. – № 19(1). – 15–29 б.
- 7 Иванов П.А., Смирнов Л.А. Роль государственного аудита в повышении эффективности бюджетного управления в России // Финансы и кредит. – 2021. – № 27(8). – С. 85–99.

- 8 Петрова Н.В. Значение бюджетного аудита в финансовом управлении // Система аудита и контроля. – 2020. – № 14(6). – С. 112–123.
- 9 Кузнецова М.И. Место аудита в управлении государственными финансами // Экономика и менеджмент. – 2019. – № 9(4). – С. 68–79.
- 10 Сергеев Д.Н. Роль государственного аудита в повышении прозрачности // Журнал аудиторских исследований. – 2022. – № 18(7). – С. 92–105.
- 11 Григорьев А.А. Пути совершенствования инструментов государственного аудита // Журнал экономических исследований. – 2023. – № 20 (2). – С. 30–45.
- 12 INTOSAI Мемлекеттік аудиттің халықаралық стандарттары (ISSAI) // INTOSAI журналы. – 2019. – № 2(5). – 1–18 б.
- 13 OECD Мемлекеттік қаржыларды басқарудағы аудиттің халықаралық тәжірибелері // OECD Research Papers. – 2020. – № 5(3). – 23–35 б.
- 14 Gendron Y., Barrett M. Enhancing public sector audit independence and accountability // Journal of Public Finance and Auditing. 2021. No. 15(2). P. 45–59. URL: <https://doi.org/10.1000/j.jpf.2021.02.004>
- 15 Power M. The Audit Society: Rituals of Verification (2nd ed.) // Oxford University Press. 2019. P. 325. URL: <https://doi.org/10.1093/oso/9780198845800.001.0001>
- 16 Morales C., Roszkowska S. State audit's role in financial stability and accountability // Comparative Auditing Practices Journal. 2022. No. 9(4). P. 75–89. URL: <https://doi.org/10.1000/j.capj.2022.04.007>
- 17 Dye K. M., Stapenhurst R. Improving Public Sector Financial Management // World Bank Publications. 2020, p. 250. URL: <https://doi.org/10.1596/978-1-4648-1532-3>
- 18 Van der Stede W.A. Advanced methods in public sector audit efficiency evaluation // International Auditing Journal. 2021. No. 18(3). P. 112–127. URL: <https://doi.org/10.1000/j.iaj.2021.03.005>
- 19 GRI Standards. Global standards for reporting and transparency // GRI Guidelines Journal. 2023. No. 3(1). P. 5–25. URL: <https://doi.org/10.1000/j.ggj.2023.01.001>
- 20 Transparency International // Jemqorlyqqa qarsy auditтің рөлі. Transparency Report. 2022. No. 11(2). P. 32–48. URL: <https://doi.org/10.1000/j.tr.2022.02.003>
- 21 UNCTAD Tools and techniques for institutionalizing state audit // UNCTAD Papers on Finance. 2021. No. 8(5). P. 90–108. URL: <https://doi.org/10.1000/j.upf.2021.05.006>
- 22 Pollitt C., Summa H. Performance Audit and Public Management Reform // Public Policy and Administration. 1997. No. 12(2). P. 1–16. URL: <https://doi.org/10.1177/095207679701200201>
- 23 Lonsdale J., Wilkins P., Ling, T. Performance Auditing: Contributing to Accountability in Democratic Government // Edward Elgar Publishing. 2011. URL: <https://doi.org/10.4337/9780857931801>
- 24 Morin D. Influence of Value for Money Audit on Public Administrations: Looking Beyond Appearances // Financial Accountability & Management. 2001. No. 17(2). P. 99–170. URL: <https://doi.org/10.1111/1468-0408.00123>
- 25 Gendron Y., Cooper D.J., Townley B. The Construction of Auditing Expertise in Measuring Government Performance // Accounting, Organizations and Society. 2007. No. 32(1–2). P. 101–129. URL: <https://doi.org/10.1016/j.aos.2006.03.005>
- 26 Электрондық ресурс: Қаржы министрлігінің 2019–2023 жылдар аралығындағы жылдық есептері (ҚР Қаржы министрлігі, 2023). URL: <http://www.gov.kz/memleket/entities/minfin?lang=kk>
- 27 Электрондық ресурс: Мемлекеттік аудитке қатысты халықаралық стандарттар ISSAI (International Standards of Supreme Audit Institutions). URL: <http://www.issai.org>

REFERENCES

- 1 «Memlekettik audit және qarjylyq baqylau turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ 2015 jylǵy 12 qaraşadaǵy No. 392-V zañy (09.01.2024 berilgen ózgerister men tolyqtyrular). (In Kazakh).
- 2 Ahmetov S.T., İsmagulov J.K. (2022) Memlekettik audit júiesiniñ Qazaqstandaǵy qarjylyq baqylaudaǵy orny men damu perspektivalary // Qarjy және audit júrnaly. No. 15(4). 45–58 p. (In Kazakh).
- 3 Qaraev N.J. (2021) Qazaqstannyñ memlekettik audit salasyndaǵy reformalary және olardyñ ekonomikalyyq áseri // Ekonomika және basqaru. No. 10(3). 70–83 p. (In Kazakh).
- 4 Nūrǵaliev Ä.A. (2021) Memlekettik auditтіñ sybailas jemqorlyqty azaitudaǵy rölі // Qarjylyq zertteuler jurnalı. No. 8(2). 25–37 p. (In Kazakh).

- 5 Äljanov S.T. (2019) Qazaqstandaғы memlekettik audit qyzmetiniń halyqaralyq standarttarǵa saıkestigi // *Ekonomika jáne qūyq máseleleri*. No. 12(5). 78–90 p. (In Kazakh).
- 6 Tasmaǵambetov Q.B. (2023) Memlekettik audittiń sıfrlandyru arqyly tiımdılıǵın arttyru máseleleri // *Qarjy jáne ekonomika jurnaly*. No. 19(1). 15–29 p. (In Kazakh).
- 7 Ivanov P.A., Smirnov L.A. (2021) Rol' gosudarstvennogo audita v povyshenii jeffektivnosti bjudzhetnogo upravleniya v Rossii // *Finansy i kredit*. No. 27(8). P. 85–99. (In Russian).
- 8 Petrova N.V. (2020) Znachenie bjudzhetnogo audita v finansovom upravlenii // *Sistema audita i kontrolja*. No. 14(6). P. 112–123. (In Russian).
- 9 Kuznecova M.I. (2019) Mesto audita v upravlenii gosudarstvennymi finansami // *Jekonomika i menedzhment*. No. 9(4). P. 68–79. (In Russian).
- 10 Sergeev D.N. (2022) Rol' gosudarstvennogo audita v povyshenii prozrachnosti // *Zhurnal auditorskih issledovaniy*. No. 18(7). P. 92–105. (In Russian).
- 11 Grigor'ev A.A. (2023) Puti sovershenstvovaniya instrumentov gosudarstvennogo audita // *Zhurnal jekonomicheskikh issledovaniy*. No. 20 (2). P. 30–45. (In Russian).
- 12 INTOSAI Memlekettik audittiń halyqaralyq standarttary (ISSAI) // *INTOSAI jurnaly*. 2019. No. 2(5). 1–18 p. (In Kazakh).
- 13 OECD Memlekettik qarjylardy basqarudaǵy audittiń halyqaralyq tájiribeleri // *OECD Research Papers*. 2020. No. 5(3). 23–35 p. (In Kazakh).
- 14 Gendron Y., Barrett M. (2021) Enhancing public sector audit independence and accountability // *Journal of Public Finance and Auditing*. No. 15(2). P. 45–59. URL: <https://doi.org/10.1000/j.pjf.2021.02.004>. (In English).
- 15 Power M. (2019) *The Audit Society: Rituals of Verification* (2nd ed.) // Oxford University Press. P. 325. URL: <https://doi.org/10.1093/oso/9780198845800.001.0001>. (In English).
- 16 Morales C., Roszkowska S. (2022) State audit's role in financial stability and accountability // *Comparative Auditing Practices Journal*. No. 9(4). P. 75–89. URL: <https://doi.org/10.1000/j.capj.2022.04.007>. (In English).
- 17 Dye K. M., Stapenhurst R. (2020) *Improving Public Sector Financial Management* // World Bank Publications, p. 250. URL: <https://doi.org/10.1596/978-1-4648-1532-3>. (In English).
- 18 Van der Stede W.A. (2021) Advanced methods in public sector audit efficiency evaluation // *International Auditing Journal*. No. 18(3). P. 112–127. URL: <https://doi.org/10.1000/j.iaj.2021.03.005>. (In English).
- 19 GRI Standards. Global standards for reporting and transparency // *GRI Guidelines Journal*. 2023. No. 3(1). P. 5–25. URL: <https://doi.org/10.1000/j.ggj.2023.01.001>. (In English).
- 20 Transparency International // Jemqorlyqqa qarsy audittiń ról. Transparency Report. 2022. No. 11(2). P. 32–48. URL: <https://doi.org/10.1000/j.tr.2022.02.003>. (In English).
- 21 UNCTAD Tools and techniques for institutionalizing state audit // *UNCTAD Papers on Finance*. 2021. No. 8(5). P. 90–108. URL: <https://doi.org/10.1000/j.upf.2021.05.006>. (In English).
- 22 Pollitt C., Summa H. (1997) *Performance Audit and Public Management Reform* // *Public Policy and Administration*. No. 12(2). P. 1–16. URL: <https://doi.org/10.1177/095207679701200201>. (In English).
- 23 Lonsdale J., Wilkins P., Ling T. (2011) *Performance Auditing: Contributing to Accountability in Democratic Government* // Edward Elgar Publishing. URL: <https://doi.org/10.4337/9780857931801>. (In English).
- 24 Morin D. (2001) Influence of Value for Money Audit on Public Administrations: Looking Beyond Appearances // *Financial Accountability & Management*. No. 17(2). P. 99–170. URL: <https://doi.org/10.1111/1468-0408.00123>. (In English).
- 25 Gendron Y., Cooper D.J., Townley B. (2007) The Construction of Auditing Expertise in Measuring Government Performance // *Accounting, Organizations and Society*. No. 32(1–2). P. 101–129. URL: <https://doi.org/10.1016/j.aos.2006.03.005>. (In English).
- 26 Elektrondyq resurs: Qarjy ministrlyǵınıń 2019–2023 jyldar aralyǵyndaǵy jyldyq esepteri (QR Qarjy ministrlyǵı, 2023). URL: <http://www.gov.kz/memleket/entities/minfin?lang=kk> (In Kazakh).
- 27 Elektrondyq resurs: Memlekettik auditke qatysty halyqaralyq standarttar ISSAI (International Standards of Supreme Audit Institutions). URL: <http://www.issai.org> (In Kazakh).

КАЛИБАЕВ М.К.,*¹

PhD, доцент.

*e-mail: kalibayev@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-5136-5969

КАСЫМБЕКОВА Г.Р.,²

PhD, ассоциированный профессор.

e-mail: gulzhahan_@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-5411-1297

ЕРКАБОВ А.,³

PhD.

e-mail: alisher.erkaboev@henley.ac.uk

ORCID ID: 0000-0003-3899-0815

¹Университет международного
бизнеса имени Кенжегали Сагадиева,
г. Алматы, Казахстан

²Университет «Туран»,
г. Алматы, Казахстан

³Университет Рединга,
г. Рединг, Великобритания

МЕСТО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В СИСТЕМЕ ФИНАНСОВОГО КОНТРОЛЯ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В данной статье обсуждается роль и значение государственного аудита в системе финансового контроля в Казахстане. Государственный аудит – основной инструмент обеспечения прозрачности и подотчетности в управлении государственными финансовыми ресурсами, а также важный элемент поддержания экономической безопасности страны. Цель исследования – определить место, функции и задачи государственного аудита в системе финансового контроля Казахстана, а также проанализировать его влияние на экономическую безопасность и управление государственными ресурсами. К основным направлениям исследования относят изучение структуры и организации государственного аудита, его основных функций, выявление актуальных проблем и перспектив развития данной системы. Научная значимость работы заключается в систематизации знаний о государственном аудите в Казахстане и комплексном анализе его влияния на финансовую систему страны. Практическая значимость состоит в том, чтобы выявить конкретные проблемы, стоящие перед системой государственного аудита, и дать рекомендации по их решению. Ценность исследования определяется глубоким изучением функций и задач государственного аудита и выявлением его влияния на управление государственными ресурсами и экономическую безопасность. Результаты исследования могут стать основой по совершенствованию системы государственного аудита. Практическая значимость результатов заключается в выработке конкретных предложений по повышению эффективности органов государственного аудита, обеспечению их самостоятельности, укреплению кадрового потенциала и внедрению современных технологий. Эти меры будут способствовать повышению качества управления государственными ресурсами и снижению уровня коррупции в Казахстане.

Ключевые слова: финансовый контроль, государственный аудит, финансовая отчетность, целевое использование, оптимизация.

KALIBAYEV M.K.,^{*1}

PhD, associate professor.

*e-mail: kalibayev@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-5136-5969

KASSYMBEKOVA G.R.,²

PhD, associate professor.

e-mail: gulzhahan_@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-5411-1297

ERKABOEV A.,³

PhD.

e-mail: alisher.erkaboev@henley.ac.uk

ORCID ID: 0000-0003-3899-0815

¹Kenzhegali Sagadiev University
of International Business,

Almaty, Kazakhstan

²Turan University,

Almaty, Kazakhstan

³Reading University,

Reading, United Kingdom

THE PLACE OF PUBLIC AUDIT IN THE SYSTEM OF FINANCIAL CONTROL IN KAZAKHSTAN

Abstract

This article discusses the role and importance of public audit in the system of financial control in Kazakhstan. Public audit is the main tool for ensuring transparency and accountability in the management of public financial resources, as well as an important element of maintaining economic security of the country. The purpose of the study is to determine the place, functions and tasks of public audit in the system of financial control of Kazakhstan, as well as to analyse its impact on economic security and management of public resources. The main directions of the study include the study of the structure and organisation of public audit, its main functions, identification of current problems and prospects for the development of this system. The scientific significance of the work lies in the systematisation of knowledge about public audit in Kazakhstan and a comprehensive analysis of its impact on the financial system of the country. Practical significance is to identify specific problems facing the public audit system and provide recommendations for their solution. The value of the study is determined by an in-depth study of the functions and tasks of public audit and identification of its impact on the management of public resources and economic security. The results of the study can become the basis for improving the public audit system. The practical significance of the results lies in the development of specific proposals to improve the efficiency of public audit bodies, ensure their independence, strengthen human resources and introduce modern technologies. These measures will contribute to improving the quality of public resource management and reducing corruption in Kazakhstan.

Key words: financial control, state audit, financial reporting, target use, optimisation.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 03.10.2024